



№17 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2018 жылғы 28 маусым

Алматы қ.


1. 2018 жылғы мамырдағы инфляция және инфляциялық күтулер

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылғы мамырда инфляция 0,2%, жылдың басынан бері – 2,4% (2017 жылғы қаңтар-мамырда – 3,3%) болды.

Жылдық инфляция 6,2% деңгейінде қалыптасты және 2018 жылдың соңында Ұлттық Банктің 5-7% нысаналы дәлізінің ішінде тұр. Инфляцияның құрылымында жылдық көрсеткіш бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы 8,4%-ға, азық-түлік тауарлары және ақылы қызмет көрсету – тиісінше 5,1% және 5,3%-ға өсті.

2018 жылғы мамырда халықтың инфляциялық күтулерінің төмендеуі байқалады. Халықтың пікіртерім нәтижелері бойынша инфляцияның бір жылдан кейін күтілетін сандық бағалауы нақты инфляциядан төмен бола отырып, 6,0% болды (1-график).

1-график. Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

2. 2018 жылғы мамырдағы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2018 жылғы мамырда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері алдын ала деректер бойынша 31,2 млрд АҚШ долларына дейін 0,5%-ға немесе 168 млн АҚШ долларына төмендеді (жыл басынан бері 1,4%-ға немесе 426,9 млн АҚШ долларына өсті).

Жалпы алғанда, елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (59,2 млрд АҚШ долл.) қоса алғанда, 2018 жылғы мамырдың соңында 90,4 млрд АҚШ доллары болды.


Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі Ұлттық қордың активтерін толықтыру, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен ішінара бейтараптандырылды. Бұдан басқа, банктердің корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтары төмендеді.

Ақша базасы мамырда 0,3%-ға тарылды және 4 787,6 млрд теңге болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 4 509,9 млрд теңгеге дейін 1,7%-ға төмендеді.

Мамырдағы ақша массасы алдын ала деректер бойынша 0,5%-ға тарылды және 18 836,9 млрд. теңге болды, айналыстағы қолма-қол ақша 1 940,7 млрд теңгеге дейін 2,9%-ға ұлғайды.

3. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы операциялары

Ұлттық Банктің шешімімен 2018 жылғы 5 маусымнан бастап базалық мөлшерлеме +/-1%¹ дәлізбен жылдық 9%-ға дейін төмендеді (2-график).



Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. 2018 жылғы мамырдың соңында айналыстағы ноттардың көлемі бір айда 3,7%-ға төмендеп (жыл басынан бері 26,1%-ға өсу), 4 015,6 млрд теңгені құрады.

Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының көлемі 2018 жылғы мамырда 5 457,1 млрд теңге болды. 27 аукцион, оның ішінде 4 064,8 млрд теңге сомаға 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 20 аукцион, 1 194,4 млрд теңге сомаға 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 4 аукцион, 87,3 млрд теңге сомаға 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион, 67,9 млрд теңге сомаға 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион және 42,8 млрд теңге сомаға 1 жылдық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион өткізілді.

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының өтелген көлемі 2018 жылғы мамырда 5 638,3 млрд теңгені құрады.


Орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 8,28%, 1 айлық ноттар бойынша – 8,42%, 3 айлық ноттар бойынша – 8,41%, 6 айлық ноттар бойынша – 8,36%, 1 жылдық ноттар бойынша – 8,26% болды.

Тұрақты қолжетімді ақша-кредит саясатының құралдары. 2018 жылғы мамырдың соңында Ұлттық Банктің ашық позициясының көлемі тікелей РЕПО операциялары бойынша 265,4 млрд теңге, кері РЕПО операциялары бойынша – 186,0 млрд теңге, Ұлттық Банктегі банктік депозиттер бойынша – 244,6 млрд теңге болды.

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының теріс сальдосы (Ұлттық Банктің ашық позициясы) ашық нарықтағы операциялар бойынша және тұрақты қолжетімді құралдар бойынша бір айда 33,2 млрд теңгеге көбейді және мамырдың соңындағы жағдай бойынша 3,2 трлн теңге болды.

¹ Сонымен бір мезгілде осыған ұқсас деңгейге дейін (9%) ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі төмендеді

Ақша нарығында ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторы² 2018 жылғы мамырда Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің пайыздық дәлізінің төменгі шегіндегі деңгейде жуық қалыптасты (3-график). Орташа алынған мәні жылдық 8,28% (2018 жылғы сәуірде – 8,48%) болды.




Кірістілік қисығын қалыптастыру.

2018 жылғы қаңтар-мамырда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 167,2 млрд теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асырды. 10 аукцион өткізілді (қаңтарда, наурызда, сәуірде және мамырда), онда 17 жылдық, 15 жылдық, 14 жылдық, 13 жылдық және 10 жылдық МЕУКАМ орналастырылды. Олар бойынша орташа алынған кірістілік 8,43%-дан 8,66%-ға дейін құбылды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2018 жылғы мамырдың соңында 6 862,1 млрд теңге болды.

Бұл ретте кірістілік қисығының қысқа мерзімді және орта мерзімді секторларының бойымен төмендеуі және оның нысанының біртіндеп қалпына келуі жалғасуда (4-график).

4-график. Кірістіліктің тәуекелсіз қисығының өзгеруі



² биржада МБҚ-мен автоматты РЕПО секторының биржасында жасалған, РЕПО-ны мерзімі бір жұмыс күніне ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме

4. 2018 жылғы мамырдағы валюта нарығы

2018 жылғы мамырда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 325,75-330,72 теңге ауқымында өзгерді. 2018 жылғы мамырдың соңында теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір айда 0,6%-ға әлсіреп (жыл басынан бастап нығаю 0,9%), бір АҚШ доллары үшін 329,35 теңге болды.

2018 жылғы мамырда KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялардың жалпы көлемі 14,3 млрд АҚШ доллары (бір айда 15,6%-ға төмендеу), оның ішінде Қазақстан қор биржасындағы биржалық сауда-саттықтардың көлемі – 3,1 млрд АҚШ доллары (бір айда 28,5%-ға төмендеу), биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі – 11,2 млрд АҚШ доллары (бір айда 11,2%-ға төмендеу) болды. Бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеумен байланысты операцияларының көлемі өткен аймен салыстырғанда 13,0%-ға азайып, 8,2 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, биржадан тыс сауда-саттықтардың жалпы көлемінің үлесі 72,9%-ды құрады (2018 жылғы сәуірде 74,4%). Аталған операция ішкі валюта нарығындағы шетелдік валютаға сұраныс немесе ұсыныс көлеміне әсер етпейді.

2018 жылғы мамырда халық нетто-негізде 121,7 млрд теңгеге балама сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды. Шығыстардың негізгі көлемі 50,7% немесе 61,8 млрд теңгеге Ресей рублін, 27,0% немесе 32,8 млрд теңгеге АҚШ долларын, 21,5% немесе 26,2 млрд теңге еуро сатып алуға бағытталды. Өткен аймен салыстырғанда аталған шығыстар 16,7%-ға азайды (АҚШ доллары мен Ресей рублін сатып алуға шығыстар тиісінше 24,4%-ға және 20,1%-ға азайды, еуроны сатып алуға шығыстар 13,2%-ға ұлғайды).

5. 2018 жылғы мамырдың соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 2018 жылғы мамырдың соңында 16 896,3 млрд теңге (бір айда азаю 0,9%) болды. Заңды тұлғалардың депозиттері 8 755,2 млрд теңгеге дейін 1,7%-ға, жеке тұлғалардың депозиттері 8 141,1 млрд теңгеге дейін 0,1% - ға қысқарды.

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі бір айда 9 397,7 млрд теңгеге дейін 0,2%-ға өсті, шетел валютасымен 7 498,5 млрд теңгеге дейін 2,3%-ға қысқарды. Долларландыру деңгейі мамырдың соңында 44,4% (2018 жылғы сәуірде – 45,0%) болды.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 2018 жылғы мамырда 5 135,0 млрд теңгеге дейін 1,8%-ға, шетел валютасымен 3 620,2 млрд теңгеге дейін 1,6%-ға (заңды тұлғалардың депозиттерінен 41,3%) қысқарды.

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 4 262,8 млрд теңгеге дейін 2,7%-ға ұлғайды, шетел валютасымен 3 878,4 млрд теңгеге дейін 3%-ға (жеке тұлғалардың депозиттерінен 47,6%) қысқарды.

Мерзімді депозиттер көлемі бір айда 2%-ға қысқарып, 11 539,7 млрд теңге болды. Олардың құрылымында ұлттық валютамен салымдар 6 294 млрд теңге, шетел валютасымен – 5 245,7 млрд теңге болды.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 7,3% (2017 жылғы желтоқсанда – 8%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 11,4% (11,7%) болды.

6. 2018 жылғы мамырдың соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі 2018 жылғы мамырдың соңында 12 715,4 млрд теңгені құрады (бір айда 0,1%-ға ұлғаю). Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 7 971,2 млрд теңгеге дейін 0,9%-ға азайды, жеке тұлғалардыкі 4 774,2 млрд теңгеге дейін 1,9%-ға ұлғайды.

Ұлттық валютамен берілген кредиттердің көлемі бір айда 9 571,9 млрд теңгеге дейін 0,9%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 0,2%-ға азайды, жеке тұлғаларға берілген кредиттер 2,2%-ға ұлғайды. Шетел валютасымен берілген кредиттердің көлемі 3 143,5 млрд теңгеге дейін 2,2%-ға азайды, оның ішінде заңды тұлғаларға берілген кредиттер 2,1%-ға, жеке тұлғаларға – 3,4%-ға азайды. Теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы мамырдың соңында 75,3%-ды құрады (2018 жылғы сәуірде - 74,7%)

Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі бір айда 10 905,2 млрд теңгеге дейін 0,3%-ға ұлғайды, ал қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 1 810,2 млрд теңгеге дейін 1,1%-ға азайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2 733,7 млрд теңгеге дейін 1,2%-ға (экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінен 21,5%) азайды.

Салалар бойынша бөлінген банктердің экономикаға берген кредиттерінің ең қомақты сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 15,1%), өнеркәсіп (14,5%), құрылыс (6,8%), ауыл шаруашылығы (5%) және көлік (4,6%) сияқты салаларға тиесілі.

2018 жылғы мамырда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 12,5% (2017 жылғы желтоқсанда – 13,2%), жеке тұлғаларға – 19,3% (19,2%) болды.

7. 2018 жылғы қаңтар-мамырдағы төлем жүйелері

2018 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 19 төлем жүйесі, оның ішінде Ұлттық Банктің төлем жүйелері, ақша аудару жүйелері, төлем карточкаларының жүйелері мен өзге де төлем жүйелері жұмыс істейді.

2018 жылғы қаңтар-мамырда Ұлттық Банктің төлем жүйелері (Банкаралық ақша аудару жүйесі мен Банкаралық клиринг жүйесі) арқылы 333,2 трлн теңге сомаға 16,7 млн транзакция жүргізілді (2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда төлемдердің саны 20,8%-ға ұлғайды, төлемдер сомасы 3,8%-ға азайды). Орташа алғанда, бір күн ішінде аталған төлем жүйелері арқылы 3,3 трлн теңге сомаға 167,0 мың транзакция жүргізілді.

2018 жылғы қаңтар-мамырда Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың көлемі 7,0 трлн теңге сомаға 275,0 млн транзакцияны құрады (2017 жылғы осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда транзакциялардың саны 64,6%-ға ұлғайды, сомасы – 44,0%-ға өсті). Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың жалпы құрылымында қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер үлесі 61,6%-ға дейін (2017 жылғы қаңтар-мамырда – 44,8%) өсті, қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер көлемінің үлесі 28,7%-ға (18,7%) дейін ұлғайды.

2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында төлем карточкаларының шығарылымын 25 банк пен «Қазпочта» АҚ жүзеге асырды, эмиссияланған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 20,8 млн бірлік болды. 2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі төмендегідей: 9,9 мың банкомат, 133,4 мың POS-терминал, 782 банк дүңгіршегі болды. 2018 жылғы 1 маусымда Қазақстанда төлем жасауға төлем карточкаларын қабылдайтын 81,1 мың сауда кәсіпорны жұмыс істеді, бұл 2017 жылғы 1 маусымдағы олардың санынан 11,8%-ға асты.

2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген 8 ақша аударымы жүйесі және ақша аударымдарының өзге жүйелері жұмыс істейді.

2018 жылғы қаңтар-мамырда халықаралық ақша аударымы жүйелері арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы көлемі 243,7 млрд теңге сомаға 1,2 млн аударымды құрады.

2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда ақша аударымдары көлемінің өсуі 46,7%-ды құрады. Жөнелтілген аударымдардың жалпы көлемінен Қазақстаннан тыс жерлерге транзакциялардың жалпы санынан 88,7% (1,0 млн транзакция) және жалпы сомасынан 87,0% (211,9 млрд теңге) жіберілді. Қазақстан бойынша ақша аударымы жүйелері арқылы ақша аударымдарының жалпы санынан 11,3% (0,1 млн транзакция) және жалпы сомасынан 13,0% (31,8 млрд теңге) жүргізілді.

Қарастырылған кезеңде шетелден халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы 111,2 млрд теңге сомаға 0,5 млн транзакция алынды.

8. 2018 жылғы мамырдағы банк секторы

2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 32 банк жұмыс істейді.

Банк секторының жиынтық активтері 2018 жылғы 1 маусымда 23 507,2 млрд теңгені (төмендеу жылдың басынан бері 2,7%) құрады. Активтердің құрылымында ең көп үлесті кредиттер – 52,4%, бағалы қағаздар портфелі – 20,1%, қолма-қол ақша, аффинирленген бағалы металдар мен корреспонденттік шоттар – 11,4% иеленді.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер (NPL) 1 212,7 млрд теңгені немесе несие портфелінің 9,05%-ын құрады.

Несие портфелі бойынша провизиялар 1 947,9 млрд теңге немесе несие портфелінің 14,5%-ы (2018 жылдың басында – 2 126,4 млрд теңге немесе 15,6%) мөлшерінде қалыптасты.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 20 440,3 млрд теңгені (жылдың басынан бастап төмендеу 3,3%-ды) құрады. Банктер міндеттемелерінің құрылымында ең жоғары үлесті клиенттердің салымдары – 79,9%-ды, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар – 6,0%-ды, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар – 3,1%-ды иеленеді.

Жиынтық міндеттемелерде банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері 2018 жылдың басымен салыстырғанда 5,56%-дан 5,15%-ға дейін (1 062,9 млрд теңгеге дейін) төмендеді.

2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық меншікті капиталы 2018 жылғы қаңтар-мамырда 1,2%-ға ұлғайып, 3 066,9 млрд теңге болды.

Таза пайда (ағымдағы кірістердің ағымдағы шығыстардан асып кетуі) 328,1 млрд теңгені құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің таза пайыздық маржасы және пайыздық спрэдi 2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша тиісінше 5,42% және 4,29% болды.

9. 2018 жылғы мамырдағы сақтандыру секторы

2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру секторында 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2018 жылғы 1 маусымда 948,1 млрд теңге (жылдың басынан бері 2,5%-ға өсу) болды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері жыл басынан бері 530,3 млрд теңгеге дейін 3,3%-ға ұлғайды.

Қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымдары қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі жылдың басынан бері 483,1 млрд. теңгеге дейін 4,9%-ға өсті.

Меншікті капитал 417,8 млрд теңге (жыл басынан бері өсу 1,5%) болды.

Сақтандыру сыйлықақылары 2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 2017 жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда 168,7 млрд теңгеге дейін 1,5%-ға азайды, олардың ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 148,7 млрд теңге болды.

2018 жылдың бес айының қорытындысы бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 29,0 млрд теңгеге дейін 17,4%-ға ұлғайды. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларында «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2017 жылғы 1 маусымдағы 14,4%-бен салыстырғанда 17,2% болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 42,7 млрд теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 25,3%-ын құрады. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 80,8%-ы Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді.

2018 жылдың басынан бастап жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 31,5 млрд теңге болды, ол 2017 жылдың осындай кезеңінен 0,5%-ға аз.

10. 2018 жылғы қаңтар-мамырдағы зейнетақы жүйесі

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2018 жылғы қаңтар-мамырда 481,2 млрд теңгеге (6,2%) ұлғайып, 2018 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 8 261,9 млрд теңгені құрады.

2018 жылғы 1 маусымда 3 011,3 млрд теңге болған зейнетақы активтерін инвестициялаудан «таза» кіріс 2018 жылғы қаңтар-мамырда 236,4 млрд теңгеге ұлғайды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны (зейнетақы жинақтары жоқ ЖЗШ-ны есептегенде) 2018 жылғы 1 маусымда 9,7 млн шотты құрады.

Зейнетақы төлемдерінің сомасы 2018 жылғы қаңтар-мамырда 91,9 млрд теңгені құрады.

БЖЗҚ-тың жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесін 2018 жылғы 1 маусымда бұрынғыдай, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары мен ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің тиісінше 46,0%-ын және 26,3%-ын) құрайды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: press@nationalbank.kz

<http://www.nationalbank.kz>